

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 8 қазан N 1020

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947, 1993 жылғы 10 мамырдағы N 25-15/116, 1995 жылғы 8 маусымдағы N 22-3/8, 1995 жылғы 24 наурыздағы N Ф22-3/3/4016, 1994 жылғы 29 маусымдағы N Ф22-3/42, 1994 жылғы 10 маусымдағы N Ф22-3/40 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне және 1992 жылғы 20 наурыздағы Әлембанк (бұрынғы Қазыртқыэкономбанк) ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Қаржы министрлігі арасындағы Келісімге Өзгеріске сәйкес, шетел банктегі шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1, 2 қосымшаларға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Несие беру, оның өтелуін шегеріп тастау" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде төлейтін б о л с ы н ;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметтіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына , с о т т а р ғ а б е р с і н .

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті ш а р а л а р д ы қ о л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық полициясы комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерді орындаған тұлғаларды заңмен белгіленген тәртіппен жауапқа тарту жөнінде барлық шараларды қолдансын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі қаржылық міндеттемелері республикалық бюджет есебінен орындалған заемшыларға қатысты қолданылған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
8 қазаның
N 1020 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік

емес сыртқы заемдарды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің
СОМАСЫ

Заемши ұйым	Төлем	Төлем	Төлем	Негізгі	Проценттер	Басқалары
валютасы	уақыты	сомасы	борыш			
Герман несие желісі						
Ақмола-Жаңа	DM	26.06.98	64 818.56			64818.56
құрылым						
индустриясы						
DM	30.06.98	5040301.57	4129326.10	910 975.47		
АҚШ несие желісі						
"Taғам" АҚ	USD	25.07.98	5 197.82	0.00	0.00	5 197.82

Франция несие желісі						
"Тағам" МАҚ	FRF 31.07.98 34 882.20 0.00 0.00 34 882.20					
Барлығы	DM 5105120.13 4129326.10 910 975.47 64					
					818.56	
USD	5 197.82 0.00 0.00 5 197.82					
FRF	34 882.20 0.00 0.00 34 882.20					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК